

МЕКТЕПТІҢ ТАРИХЫ

Мектебіміздің тарихына үнілер болсақ мектеп 1910-1914 жылдар аралығында Романовтар әулетінің храмы болған. 1913 жылдың күзінен бастап Бастауыш мектеп болып құрылды. XX ғасырдың басында Кеңестер

одағы құрылып, ел жаппай сауат ашуға көшкен тұста мектеп бірден-бір ағарту орыны болған.

1. Мектептің алғашқы директоры Солодкин Павел Маркович 1934-1940 жылдары мектепті басқарды. Алғашқы орыс бастауыш мектебі болып құрылып, Михайловка орта мектебі, 1964 жылы Қазақ ССР-ның 40 жылдығы атындағы орта мектебі 22, 1995 жыл Қазақстанның 40 жылдығы, 2000 жылы Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебі болып өзгерді. 1972 жылдан бастап қазақ мектебі болып қалды.

2. Ғалиева Рәтай 1943 жылдан бастап мектепті басқарады: Рәтай Ғалиқызы өзінің білімділігімен, табандылығымен көзге түсіп Жамбыл қаласындағы Жамбыл қазақ мектебіне жолдама алады. 1937-1938, 1941-1942 жылдары химия – биология пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. Рәтай Ғалиқызы біліктілігінің арқасында 1942-1943 жылдары Свердлов ауылында білім бөлімінің бастығы болып жұмыс атқарды. 1943 жылдан бастап 1971-1972 жылға дейін, яғни зейнет жасына дейін осы мектептің директорлығы қызметін атқарды.

3. 1972-1976 жылдар аралығында Зәуірбекова Фатима Асанқызы осы мектептің директоры қызметін атқарады.

4. 1976-1979 жылдары мектеп директоры болған Нарымбетов Бейсенбай мектептің өсіп өркендеуіне көп күш – жігерін жұмсады.

5. 1979-1984 жылдар аралығында мектеп ұжымын басқарған - бала бойына білім нәрін құйып, жас ұстаздарды тәрбиелеуде 40 жылдан астам өмірін оқушыларға арнаған, мектеп тарихында өзіндік орны бар Әтеева Сара Әтейқызы еді.

6. 1984-1990 жылдар аралығында оқушылар мен ұстаздар жүрегіне жол тауып, мектепті басқарған Баяндиева Оразгүл болды.

8.1994-1998 жылдар аралығында қасиетті қара шаңырақты қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Әбуова Шолпан Бәкірқызы басқарды.

9.Рахимова Ғайнижамал Құсманқызы.1974 жылы Қазақстан 40 жылдығы орта мектебінде ұстаз болып еңбек жолын бастады. 1978-1982 оқу жылдары мектеп директорының оқу –тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 1999-2000 жылы мектеп директоры қызметін атқарды.

10. 1998-1999 жылдар аралығында мектеп ұжымын ұстаздардың үздіксіз ізденістерін жетілдіруде, Төребаев Сәрсен Болатұлы басқарды.

11. 1999-2001 жылдар аралығында мектеп ұжымын еңбегін ел игілігіне жұмсаған, білімін ұрпақ тәрбиесіне арнаған физика пәнінің мұғалімі Бұзаубақова Клара Жандарбекқызы басқарды.

12. 2002-2004 жылдары мектеп ұжымын Әшімбаев Уәлихан Ошақбайұлы басқарды.

13.2004-2007 жылдар аралығында мектепті бүкіл қажыр қайраты мен білімін жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған еңбекқор, ардагер ұстаз Ақбаев Бақтияр Мұратұлы басқарды.

14. 2007-2008 жылдан бері Есентаева Гүлмира Әуесбайқызы басшы ретінде өзінің көптеген игі істерімен, жаңашыл көзқарасымен көріне білген мұғалімдердің кәсіби деңгейіне талғампаздықпен қарай алатын басшы Мектебіміздің тарихына үңілер болсақ мектеп 1910-1914 жылдар аралығында Романовтар әулетінің храмы болған. 1913 жылдың күзінен бастап бастауыш мектеп болып құрылады. XX ғасырдың басында Кеңестер одағы құрылып, ел жаппай сауат ашуға көшкен тұста мектеп бірден – бір ағарту орны болған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5 бабының 44-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы №873 қаулысымен бекітілген «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі кешенді жоспарын» жүзеге асыру мақсатында, облыстық білім басқармасының Эксперименталдық бағдарламалар кеңесінің 05.07.2013 жылғы №1 шешіміне, Байзақ ауданы білім бөлімінің 26 маусым 2013 жылғы № 1438, Тараз қаласы білім бөлімінің 2 шілде 2013 жылғы № 1454 сұраныс хаттарына сәйкес 2013-2014 оқу жылынан бастап нәтижеге бағытталған білім беру жұмыстарын тиімді енгізу үшін мектепте «Толық күнді мектебінде оқушылардың шығармашылық потенциалын дамытудың педагогикалық шарттары» тақырыбында 4 жылға эксперимент сынақ алаңы ашылды.



Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ПАСПОРТЫ

Нысанның атауы : «Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Орналасқан жері: Жамбыл обласы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Қонаев №137 тел: 2-24-60

Мектептің пайдалануға берілген жылы:1937 жыл

Мектептің сыйымдылығы: 781 орын

Мектеп директоры: Есентаева Гулмира Ауесбайқызы

Мектептегі оқушалар саны: 1339 оқушы

Сынып топтамасы: 58

Даярлық топтамасы: 6

Мектепалды даярлық сыныбында: 150 оқушы

Мектептің ғимараты: жақсы

Техникалық сипаттама: 40 оқу кабинеті

Оқу ауысымы: 2 ауысым

Мектептегі мұғалімдер саны: 154 мұғалім

Кіші қызметкерлер саны: 56

Облыс және аудан көлемінде үлкен маңызға ие мектеп тарихы 1939 жылдан бастау алады. Қазіргі таңда 1282 оқушы қамтылған білім ордасы Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебінде 159 ұстаз қызмет етеді.

МЕКТЕП ҰЖЫМЫНЫҢ ҰСТАНЫМЫ

Білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес мектебімізде оқу-тәрбие үрдісінің стратегиялық міндеттерін құрастырып, әзірледік.

- оқушы бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы олардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ұлттық интеллектінің діңі мектеп қабырғасында қаланады, халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын эрудициялы тұлғаны тәрбиелеу;
- әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу, қашықтан оқытуға, интеллектуалдық олимпиадаларға қатысу;
- озық педагогикалық іс-тәжірибелерді зерттеу, қолдану;
- оқытудың тиімді технологияларын қолдану арқылы білім беру сапасын арттыру;
- «e - learning» электронды оқыту жүйесі бағдарламасы бойынша білім беруді жетілдіру;
- оқушылар денсаулығын сақтау және дамыту;
- балалардың қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз ету;
- мектепті басқарудың жүйесін жетілдіру.

Фотогалерея



Видеогалерея

